

Алаш қозғалысы мен Қазақстанның тәуелсіздігі арасындағы сабақтастық тек идеологияда ғана емес, сонымен қатар нақты әлеуметтік және саяси іс-қимылдарда көрініс тапты. Қазақстанның алғашқы жылдарында тәуелсіздікке қол жеткізу және оны нығайту үшін Алаш қайраткерлерінің идеялары үлкен рөл атқарды. 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігін жариялаған кезде Алаш қозғалысының бағдарламалары мен мақсаттары өзекті болып, олар қазіргі Қазақстанның саясатына әсер ете бастады.

Тәуелсіз Қазақстанда Алаш идеялары ұлттық бірлікті, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді, ұлттық мәдениет пен білім беру жүйесін дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың басты тірегі ретінде қалыптасты. Қазақстанның халықаралық аренада бейбітшілік пен тұрақтылық саясатын ұстануы, ядролық қарудан бас тартуы және көпвекторлы саясат жүргізуі де Алаш қозғалысының тәуелсіздікті сақтау мен ұлттық мүдделерді қорғау туралы идеясымен үйлеседі. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін сақтап, халықаралық қоғамдастықта өз орнын таба білді.

Алаш қозғалысының идеялары бүгінгі таңда да өзекті. Ұлттың мәдениетін, тілін, білімін дамыту, экономикалық тұрғыдан тәуелсіз болу, әлемдік аренада өзіндік саяси ұстанымын қалыптастыру – бұл Алаш қайраткерлерінің арманынан кейінгі жаңа Қазақстанның жетістіктері. Осыған байланысты, еліміздің болашағы Алаш зиялыларының мұрасын зерттеу, ұлттың ұлы мұраларын жаңғырту, әрі қарай дамыту арқылы қамтамасыз етілмек.

Қазақстанның қазіргі кездегі жетістіктері мен дамуы Алаш қозғалысының идеяларымен тығыз байланысты. Қазіргі Қазақстанға тәуелсіздік алудың ғана емес, оның болашақтағы орнықты дамуының да жолдары көрсетілген. Бұл – Алаш идеясының тарихи сабақтастығы мен өзектілігінің айқын дәлелі. Алаш қайраткерлерінің мұрасы мен идеялары ұлттық сананың көкжиегін кеңейтіп, бүгінгі Қазақстанның болашағын айқындаушы күшке айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақышев Қ. А. Алаш қозғалысы және қазақ мәдениеті. - Алматы: Қазақстан, 1997.
2. Қойгелдиев М. Алаш Орда: тарих және тағылым. - Алматы: Қазақстан, 2002.
3. Бөкейханов Ә. Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы. - Алматы: Жазушы, 1995.
4. Дулатов М. Оян, қазақ! - Алматы: Шырақ, 1997.
5. Байтұрсынов А. *Тіл тағылымы.* Алматы: Санат, 2000.
6. Мұхамедсадық Қ.. Алаштың ақ жолы. - Астана: Астана университеті, 2007.
9. Айтқожина Ғ. Қазақстанның тәуелсіздік жолы: тарихи аспект. - Алматы: Қазақ университеті, 2010.
10. Сәбилұлы Н. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі және Алаш идеялары. - Астана: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, 2013.

ЖҰМАБЕК ТАШЕНЕВТІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН САҚТАП ҚАЛУДАҒЫ ЕРЛІГІ

Балташева Меруерт

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ғылыми жетекшісі: Смағұлов Н.Б., PhD докторы, профессор ассистенті

Қарағанды қ.

«Баяға заманда Бөгенбай, Қабанбай, Кенесары мен Наурызбай сияқты батыр бабаларымыз қан төгіп сыртқы жаулармен соғысып аман сақтап қалған қазақ халқының ата-мекенін Ресейге беріп жіберуге қарсы болған жалғыз адам – Жұмабек Тәшенев. Қазақ халқының ерте заманнан бері қоныстанған тамаша шұрайлы жерін, бір қатерден оның сақтап қалғанының куәсі болғанбыз» [1], - деп жазды өзінің естелігінде атақты партизан, мемлекет қайраткері, ғалым, белгілі жазушы Әди Шәріпов. Кәзіргі кезеңде ақтаңдықтардың бетін ашып, кезінде істелген қиянаттың сырына жетіп алаштың біртуар адал да, айтулы азаматы Жұмабек Тәшеневке өзі атқарған ерлігіне лайық бағасын бергізу - оны қазақ халқының ұлттық батыры деп еліне жария ету тек әзірге көзі тірі үзеңгілестер ұрпағының ғана емес, қара қылды қақ жарар салиқалы келер ұрпақтың тарихи борышы деп білеміз [2].

Отыз тоғыз жасар Жұмабек Тәшеновтың Республика деңгейіндегі бірінші басшылардың алдығысының біріне айналуына Хрущев пен Булганиннің 1955 жылы басындағы Үндістанға барған сапары бірден бір себепкер болды. Деседе, бәріде Құдайдың өз ісі деп ұққан жөн. Себебі ол кезде Мәскеуден Шығысқа қарай ұшып бара жатқан барлық ұшақтар жолда Ақтөбе аэропортында аялдама жасайтын. Олар тоқтаған аз уақыттың ішінде обкомның бірінші хатшысы Ж.Тәшенев қонақтарға бас тартып қазақша сый құрмет көрсетеді. Елдің екі бірінші басшылары Ақтөбе облысының білгір экономист жас бірінші хатшысының іскерлігіне, білімділігіне, тапқырлығына, халықарасында асқан беделіне тәнті болады. Әрі Кремльге сол кезде Қазақстанға өздерінің ықпалынан шықпайтын болашақ басшылар таңдау да керек еді. Хрущев пен Булганиннің ойламаған жерден Тәшеневпен кездесуі осы мәселенің түйінін шешкендей болды. Бұл жерде бір айта кететін жағдай Н.С. Хрущев 1953 жылғы қыркүйек пленумының алдында орталық комитетте өткен Бүкілодақтық партиялық кеңесте Тәшеневтің сөйлеген сөзі оған қатты әсер еткенді. Сондықтан да ол оны жадында сақтап қалған. Тіпті Жұмабек

Ташеневтің сол кеңестегі сөзінің мазмұнды жерлерін өзінің қыркүйек пленумындағы баяндамасында пайдаланғаны да мәлім. Осылардың әсері болар Никита Сергеевич 1954 жылы Алматыда өткен тың игерушілердің тұңғыш слетінде мінберде тұрып: «Тың және тыңайған жерлерді игерудің көшбасшысы, инициаторы Ж.А.Тәшенев», - деген өзінің тарихи сөзін айтқан-ды [2].

Міне осынау тосын кездесу Хрущевтың көзін тағы көп нәрсеге жеткізгендей болды. Сенімі ақталғандай сезілді. Сол жылдың көктемінде-ақ Булганин мен Хрущевтің көзіне түскен 39 жасар Жұмабек Тәшенев Қазақстан Жоғарғы Советінің президиум төрағасы болып сайланды да, артынша Леонид Брежневтің сайлау кезіндегі сенімді өкілі 43 жасар академик Дінмұхамед Қонаев Министрлер кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. Міне, осы сәттен бастап Дінмұхамед Ахмедұлы Қонаев пен Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтың өзара бәсеке сайысы басталады [2, 16 б.].

1959 жылы сол кездегі шағын Теміртау қаласында жұмысшылардың үлкен толқуы болды. Теміртау оқиғасының нәтижесі КОКП ОК Төралқасында арнайы мәселе ретінде талқыланды. Төралқада Қарағанды облыстық партия комитетінің Бірінші хатшысы П.Н. Исаев партия қатарынан шығарылып, қызметінен босатылды, Қазақстан Компартиясы ОК Бірінші хатшысы Н.И. Беляевке «ескерту» берілді [3]. Ол бұл шешіммен келіспей Төралқадан істі қайта қарауды талап етті. Мәселені екінші рет талқылау барысында Қазақстан Компартиясы жұмысынан «ірі кемшіліктер» табылып Орталық Комитет Бюросы жағдайды Қазақстан Компартиясы ОК-нің Пленумында қарауды міндеттеді.

1960 жылы 19 қаңтарда Қазақстан Компартиясы ОК-нің Пленумында Н.И. Беляев қызметінен босатылып, орнына Д.А. Қонаев сайланды. Осы Пленумда Ж.А. Тәшенев республика Министрлер Кеңесі Төрағасына ұсынылды [4]. Екінші хатшы Ф. Кәрібжановтың ұсынысымен (шын мәнінде ол Брежневтің ұсынысы еді) «айдауға жүргіш» Қонаев бірінші хатшы, «тентек» Тәшенев Министрлер Кеңесінің төрағасы, ал денсаулығы нашар Ф.Кәрібжановтің өзі Жоғарғы Кеңестің төрағасы боп сайланды. Олар қызметте қолдарынан алар алмастан қар көп түсіп қыс суытып бүкіл Қазақстанды жұт жайлады. Жұт жеті ағайынды алды артына қаратпай жаңа бастықтарға шұғыл шешім қабылдауға мәжбүр етті. Адамның іскерлігі осындай ауыр сәттерде айқындалады. Жаңа болған Совминнің жас төрағасы Жұмабек Тәшенев (ол кезде Жүмекең 43 жасар жігіт еді) бар жауапкершілікті өз мойнына алып бүкіл Қазақстандағы мемлекеттік бөлінбес қорды ысырапсыз аудан, ауылдарға бөліп беруге қаулы қабылдады [2, 46 б.].

Ол кезде үкіметтің ресми атауы «Қазақ КСР Министрлер Кеңесі» деп аталатын. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі – кеңестік замандағы республикадағы мемлекеттік биліктің жоғары атқарушы және басқарушы органы болатын. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметінде болғанда, 212 пәтерлік үлкен, жаңа технологиямен салынған үйді түгелімен өнер және әдебиет қайраткерлеріне бергізді. Қазіргі Алматы қаласындағы Қонаев пен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысындағы сол үй бүгінге дейін «Қазақ ауылы» немесе «Тәшенев үйі» деп аталады. Бұл үйге қоныстанған танымал қайраткерлердің арасында Илияс Омаров, Бибігүл Төлегенова, Гүлфайруз Ысмайылова, Кәукен Кенжетов пен Шабал Бейсекова, Жамал Омарова, Сейфолла Телғараев, Құрманбек пен Шолпан Жандарбековтер, Шара Жиенқұлова, Қапан Бадыров, Жүсіпбек пен Хабиба Елебековтер, жазушылар Хамза Есенжанов, Зейін Шашкин, Жүсіп Алтайбаев, Балғабек Қыдырбекұлы, ғалым Әбді Тұрсынбаев және т.б. болды. Алматының қақ ортасындағы батыстан шығысқа қарай шамамен 12 шақырымға созылатын кең даңғылға Абай есімін бергізіп, қазіргі Республика сарайының алдында тұрған Абай ескерткішінің лентасын қиған да Ж.А. Тәшенев болатын. Ол бұл істі жүзеге асыру үшін кезінде мынадай уәж айтқан: «Қазақстан астанасының ортасында Жамбыл мен Амангелдінің атынан өзге қазақтың аты қойылған көше жоқ. Сондықтан осы әділетсіздікті жою үшін қаланың ортасындағы даңғылға Абайдың атын беріп және оның төрінен Абайға үлкен ескерткіш орнатуымыз керек. Біз кімнен кембіз. Біз де қатардан қалмауымыз керек. Қараңыздаршы, Тбилисидің ұзына бойын алып жатқан мақтаулы көшесі Шота Руставели атында. Мұндай даңғыл Ташкентте де бой көтеріп жатыр. Ол – Әлішер Науаи даңғылы. Түптеп келгенде, Әлішер Науаи Ташкент тұрмақ, жалпы Өзбекстанда болмаған адам. Ол бар өмірін Ауғанстанның Герат қаласында өткізген. Мәскеудің ең басты көшесінің бірі Максим Горький атымен аталады» [2, 17-18 б.].

КСХР 10-жылдық мерекесіне елдің тандаулы деген алты басшысының (Хрущев, Сулов, Шелепин, Громыко, Андропов, Т.Николаева және өзі Тәшенев) бірі болып атақты Қытай басшылары Мао Цзедун, Лю Шаоци, Маршал Джу Дэ, Джоу Энлай, Дэн Сяопин Кан Шен мен бір столдың басында әлемдік маңызы бар келіссөзге қатысудың өзі оңай дүние ме еді?... Дәл осындай дәрежедегі әңгімеге қатысқан жалғыз қазақ, ол Жұмабек Тәшенев болды. Бұл да халқымыздың абыройы екендігі айтпаса да түсінікті. Тәшеневті Қытай Халық Республикасының 10-жылдығына баратын делегация құрамына қосқанда Никита Сергеевич, сені Ворошиловтың орнына аламыз деп дәмелендіргенде Хрущевтің өзі [2, 51 б.].

Қазақ жерін өлкелерге бөліп берекесін кетіріп, ақыры тың игеруші бес облысты түгелдей бір орталыққа бағындыру сылтауымен Ресейге өткізіп жіберу айласы маңында өрбиді. Қонаев бастаған ЦК-ның бюро мүшелері Хрущевтың ұсынысымен келісетін болып шығады. Тек жалғыз батыр Жұмабек Тәшенев бұл шешіммен келісе алмайтынын ашып айтады.

Ол былай дейді: *"Я родом из Акмолинска. Двенадцать лет работал в Северо-Казахстанской области. Мои родители и их родители, да и все наши предки покоятся в этой земле. И вы теперь хотите эту землю передать России? Вдумайтесь, товарищи, какой казах с этим согласится?... Я, например, категорически против постановки данного вопроса!..."*

Осыдан кейін бұл мәселеге қайтып Хрущев оралмады. Тек Қазақстанда, әкімшілік шеңберінде үш өлке құрылатын болады. Бұл Жұмабек Тәшеневтің өз ұлтының алдында өтеген перзенттік борышы болатын. Бұл, әрине ел мақтанышына тұрарлық іс еді. Уақыт өте СССР Жоғарғы Кеңесінің сессиясы өтіп жатқан бір түскі үзіліс кезінде А.Н.Косыгин келіп Тәшенев пен Қонаевты Хрущев өзімен бірге түскі ас ішуге шақырып жатқанын айтады. Бұл оқиға Қонаевтың «О моем времени» деген естелігінде тым сынар жақты суреттелген. Түскі тамақтан кейінгі жеке-жеке әңгіме үстінде Хрущев Қонаевқа Тәшеневті қызметінен алып, бір облыстық атқару комитетіне төраға етіп жібер деп тапсырма береді. Сылтау үшін оның үстінен арыздар көбейіп кеткенін айтады [2, 53 б.].

Жұмабек Тәшеневтің өзі Мәскеуде Қазақстанның бес облысын Ресейге қосу туралы Н.С. Хрущевтың әрекетіне қалай тойтарыс бергенін былай деп еске алады: «Кешкі сағат он кезінде менің бөлмеме Д.А. Қонаев телефон шалып, Хрущевтің екеумізді шақыртып жатқандығын айтты. Бұрын кездескенімізде жылы шырай көрсететін мәскеулік бастық жүзінен бұл жолы қатандық байқалды. Сөзін бастағаннан-ақ: «Кеңес Одағындағы ұлт республикаларының жан-жақты дәрежеге жетуінің негізгі себебі ол Кеңес үкіметі мен Ұлы партиямыздың көрегендік саясатының арқасында екендігін көпшілік білсе де, әлі күнге дейін соған дұрыс мән бермейтіндер жоқ емес. Соңғы кезде Саяси Бюро мәжілісінде Қазақстанның саяси-экономикалық мәселелері сөз болғанда, бұл республиканың алға дамуына кедергі келтіріп отырған түрлі себептер бар екендігі айтылып отырады. Солардың ең бастысы - республиканы басқарып отырған кадрлардың қазіргі талапқа сай келмей отырғандығы және өзге республикаларға қарағанда жер аумағының өте кеңдігі, ал өндіріс салаларының өте көптігі. Ал, енді осы жағдайларды ескере келіп, Саяси Бюродағы келісім бойынша осы кедергіні тез арада шешпейінше республика алға жылжи алмайды. Кадр мәселесін кейінірек қарауға тиіспіз, қазір кезектегі және жедел шешетін мәселе – ол республиканың жер көлемі жайында болып отыр. Жолдас Қонаевпен және облыс басшыларымен пікір алысқанбыз. Бұл пікірімізді олар негізінен қолдады. Жұмабек Ахметович, енді сіздің пікіріңізді білгім келіп шақырып отырмын» - деді. Мәймөңкені білмейтін басым: «Никита Сергеевич, мен бұл мәселенің шешілуі былай тұрсын, тіпті күн тәртібіне қойылуының өзіне қарсымын» - дедім. Менің сөзімді естісімен-ақ бастықтың беті қызарып, көзі аларып, тұтығып, маған жалтақ-жалтақ қарап тұрып қалды. Сәлден кейін: «Саяси Бюроның келісіміне қарсы шығатын сен өзін кімсің, біз саған сенім білдіріп, республиканың үкімет басшысына дейін көтердік, ал сенің айтып отырғаның мынау. Бұл мәселені сендерсіз-ақ шешеміз. Кеңес елі бір мемлекет, қай жерді қай республиканың меншігіне беру КСРО Жоғарғы Кеңесінің еркі. Бұл жай пікір алысу еді» деп түрінен ашуының қайтқаны білінді. Сонысын пайдаланып мен халқымыздың «шешінген судан тайынбас» дегені есіме түсіп, пікірімді жалғастырдым. «Никита Сергеевич, - дедім, - егер Жоғарғы Кеңес әр республиканың жерлерін жергілікті органдарынсыз шеше беретін болса КСРО-ның және ұлт республикаларының Конституциясын жою керек қой. Ал, ол Конституциялардың баптарында әр ұлт республикасы өзінің тарихи жеріне, ондағы байлығына өз меншігі деп пайдалануға құқы бар. Оны өзгертуге ешкімнің, ешбір органның құқы жоқ» деп ойымда жүрген Ата Заңымызда жазылған баптардағы тұжырымды айттым. Сөзімді жалғастырып: «Егер бұл заңдармен санаспайтын жағдай туса, онда біз халықаралық заңды мекемелерге дейін шағым беруден тайынбаймыз, ондай құқығымыз бар» деп айттым. Далаға шыққан соң Қонаев: «Әй, Жұмеке-ай, жүрек жұтқан көзсіз батырсың-ау» деді. Оған Жұмабек Тәшенов «Елімнің мүддесі үшін қияметке болса да дайынмын» деген [4, 14 б.].

Егер сол жылдары Жұмабек Тәшенов секілді қайсар да бірбеткей батыр, ұлтшыл шынайы қайраткер тұлға билік басында отырмағанда Қазақстанның солтүстігіндегі бүкіл 5 облыс Ресей Федерациясының меншігіне айналып кете барар еді. Кейін оларды даулап қайтарып алу бүгінгі билікке де, қазақ халқына да қиынға соғар еді.

«Тәшенев сауатты экономист, оған сөгіс беріліп қызметінде қалсын», бірақ, белгілі шешім, даярланып қойылған Жұмабек Тәшеневті «Министрлер Советі мен Совнархоздың жұмысын үйлестіре алмады» деп, жалған формулировкамен қызметінен алды.

Осыған орай тағы бір мысал. Көпті көрген, көп нәрсеге куә болған қазірде көзі тірі Бәйкен Әшімов ағамыз өзінің белгілі өмірбаяндық «Ел сенімі - ең қымбатың» деген кітабында былай деп жазыпты:

«Кеңес заманында орталықтың жергілікті басшы кадрына ұлтшыл деген айып тағуы немесе басқа бір таңба басуы қиын болмайтын. 1960 жылдың қаңтарынан 1961 жылдың қаңтарына дейін Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып Жұмабек Тәшенев қызмет атқарды. Ол кезде республиканың солтүстік облыстары Тың өлкесінің (орталығы - Целиноград) құрамында болды. Өлке басшылары Соколов, содан кейін Коломиец - Мәскеудің жіберген өкілдері, тікелей орталықты ғана (КОКП ОК, Бас хатшы - Н.С.Хрущев) танығысы келіп, республиканың басшы орындарымен тек сыпайышылық (формально) көзқараспен ғана есептесті. Әрі-беріден соң Өлкені тікелей Мәскеуге бағындыру қажет дегенді де әңгіме етіп жүрді. Ж.Тәшенев Өлке басшыларының мұндай әрекеттерімен қабыспайтын мінез білдіріп жүрді. Ол үшін өлкеліктер Жұмекеңнің үстінен СОКП Орталық Комитетіне, Хрущевтің өзіне жамандаған пікірлер жеткізеді. Оңтүстік Қазақстанның мақта егетін аудандарын Өзбекстанға беруге де Тәшенев қарсылық білдірді. Ал қызметтен босатқанда, алдын ала дайындалған обкомдардың хатшылары сөйлеп, оның қызметіндегі кемістіктерді қазбалап, өзінің мінезіне мін тағып, қаулыда «За недостатки в работе» деген тұжырыммен орнынан босатады. Жұмабек Ахметұлы Тәшенев көп жылдар бойы бірнеше облыстарды басқарған, республиканың Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы болған, тәжірибесі мол, істі білетін көрнекті мемлекет қайраткері еді [5].

Ақыры Тәшенев үйінде жұмыссыз тапжылмастан бес ай отырды. Бұл үйдегі абақты болды. Соңынан маусымның басында Хрущевтың облаткомның төрағасына жібер деген бұйрығын артығымен орындаған Қонаев Тәшеневті Шымкент облысына облыстық атқару комитетінің қатардағы орынбасарлығына жібереді. Тапжылмай осы қызметте шынжырлаулы Тәшенев он бес жыл отырады. Сөйтіп 60-қа толысымен оны зейнетке шығарады. Өне-міне дегенше Жұмабек Ташенов алпысқа толғанда сол күні зейнетке шығарып жібереді. 500 сомдық зейнетақының орнына 180 сомдық ең төменгі шкала береді. Зейнетке шыққаннан кейін Тәшеневке берген қызметтер екі-үш ай сайын қысқартылып қала береді. Жүмекеңді шаршатып ығыр қылады. Оның себебі, егер қызмет істемесе 20-жылдан бергі даярлап жүрген докторлық диссертациясын қорғай алмайды. Ақыры Жүмекеңнің «жанашыр достары» екі дүркін Москвада қорғалған докторлық диссертацияның дипломын оған алдырмай қойды [2,66-67 б].

1986 жылы Жұмабек Ташенов қайтыс болған кезде Шымкент қаласына жерленді. Бүгінде араға ғасырларды салып, Қазақстан тәуелсіздігін алып, кешегі тың өлкесі ретінде басқа мемлекетке берілмек болған Ақмола топырағында қазақтың Елордасы – Астана қаласы бой көтерді. Астананың көшелерінің біріне Жұмабек Ахметұлы Ташеновтың есімі берілді. Ата-бабамыздың арманы болған Тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы қаланды.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Асан Ата К. Шынжырда өткен жолбарыс. Алматы: «Үш қиян», 2004. – 408 б.
2. Қуандық Е.С. Қазақстан тарихы. Алматы: «Дәуір», 2012. -512 б.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том.-Алматы: «Атамұра», 2010.-752б.
4. Жұмабек Ташенов туралы естеліктер. – Алматы, Білім баспасы, 2005.- 200 б.
5. Әшімов Б. Ел сенімі - ең қымбатың // Алматы: Ана тілі, 1997. 161-162 беттер.